

**Иран Ислам Республикасының Президенті Мохаммад Хатамидің Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 22 сәуір N 454

Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасының арасындағы екіжақты ынтымақтастықты нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы

**е т е д і :**

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Иран Ислам Республикасының Президенті Мохаммад Хатамидің Қазақстан Республикасына 2002 жылғы 24-26 сәуірдегі ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөнінде Алматы қаласында протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша):

қосымшаға сәйкес Иран Ислам Республикасының ресми делегациясы мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен ресми қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Иран Ислам Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге журуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

**б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :**

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Иран Ислам Республикасы Президентінің арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Алматы қаласының әуежайына қонуын және ұшып шығуын;

Алматы қаласының әуежайында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім

министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Алматы қаласының әкімі Иран Ислам Республикасының ресми делегациясын қарсы алу және шығарып салу, Алматы қаласының әуежайы мен

көшелерін бозендеріу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулының іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2002 жылғы 22 сәуірдегі

N 454 қаулысына

қосымша

Иран Ислам Республикасының ресми делегациясы мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Иран Ислам Республикасының ресми делегациясы мүшелерін және бірге жүретін адамдарды (1+11 сыйбасы бойынша) Алматы қаласында "Анкара Риджент Алматы" қонақ үйіне орналастыру, тамақтандыру және оларға қөліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін

"Анкара Риджент Алматы" қонақ үйіне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейдждер, автомобилдерге арнайы рұқсаттамалар) дайындау.

4. Делегация басшысы үшін сыйлық және ресми делегация мүшелері үшін кәдесыйлар сатып алу.

5. Иран Ислам Республикасының ресми делегациясын Алматы қаласының әуежайында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың атынан Иран Ислам Республикасының Президенті М. Хатамидің құрметіне Алматы қаласында ресми қонақасын ұйымдастыру.

7. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК